

«6D080100-Агрономия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін ұсынылған «Зәйтүн ағашын (*Olea europaea* L) Оңтүстік
Қазақстан жағдайында бейімдеу және өсіру технологиясы»
тақырыбындағы Алимбекова Нургул Аманбаевнаның
диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Бүгінде Жер шарында судың мөлшері азаюда. Бұл, әсіресе, Орталық Азия елдерінде қатты байқалуда. Оған жаһандық жылыну тікелей себепкер. Сондықтан бүгінгі басты мақсат – суармалы жерлердегі суды тиімді қолдану және ауыл шаруашылығы дақылдарын суды аз жұмсайтын технологияларға көшіріп, экологиялық мәселелерді шешу. Осы арқылы суармалы жерлерде дақылдардың өнімділігін арттыру, халықты сапалы азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесі күн тәртібінен түспей тұр.

Суармалы жерлер көлемінің азаюы және өнімділіктің төмендеуі топырақтың тұздануына немесе топырақ құрамының өзгеруіне байланысты. Суармалы егіншілік тәжірибесінде байқағанымыздай, дұрыс суармауда және дұрыс технологияларды қолданбауда топырақтың құрамы өзгереді. Бұл көп жағдайда жердің бүлінуіне және өнімнің төмендеуіне алып келеді, суармалы жерлердің экожүйесін төмендетеді.

Қазақстанда су тапшылығы 20% - дан асады, болашақта тұтыну өскен сайын және су ресурстарының қысқаруына байланысты тапшылық тек арта түседі. Осыған байланысты, трансшекаралық суларға қатты тәуелді Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығыс облыстарын сумен қамтамасыз ету перспективалары, сондай-ақ гидромелиоративтік жүйелердің тозуы және ауыл шаруашылығы өндірісінің тұрақсыз құрылымы, сондай-ақ климаттың жаһандық өзгеруі орташа әлемдік трендпен салыстырғанда Қазақстан аумағына неғұрлым теріс әсер етеді.

Ең бастысы, жүгері дәнін өндіруді ұлғайту Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін жақсартуға, оңтүстік және оңтүстік-шығыс Қазақстан облыстарының ауыл шаруашылығын жүгері өсіруге ынталандыруға, астықты қайта өңдеудің қосалқы өнімі ретінде өндірілетін құнды ақуыздық өнімдер мен жемшөп өнімдерін өндіруді арттыруға мүмкіндік береді. Жүгері өнімін ұлғайту үшін жаһандық климаттың өзгеруіне байланысты қарқынды сынақтар жүргізіп, өнімділігі мен сапасы жоғары шетелдік жүгері будандарын бейімдеу қажет.

Диссертациялық жұмыстың тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу жұмысы Диссертациялық жұмыс 2019-2024 жылдар аралығында АО «Ғылым қоры» гранттық қаржыландыруы аясында тақырыбы «Еуропалық зәйтүн ағашын өсіру және оны қайта өңдеу өндірісін ұйымдастыру» (№ 0227-17-ГК) бойынша орындалды. Келісімшарттың тіркеу нөмірі және күні: № 462, 2017 жылғы 24 қараша. Грант иегері – ТОО «Olives».

Аталған АО «Ғылым қоры» гранттық қаржыландыруы докторант А.Н.Алимбекова ғылыми қызметкер болып жұмыс атқарды.

Диссертациялық жұмыс жұмысында Қазақстанның оңтүстік аймағында алғаш рет еуропалық зәйтүн ағашының (*Olea europaea* L.) суыққа және климаттық қолайсыздықтарға төзімділігімен танымал Leccino, Frantoio және Arbequina сорттарын жерсіндіру және бейімдеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеудің басты ерекшелігі – бұл сорттарды отандық агроэкологиялық жағдайларға бейімдеп өсіру үшін өсімдікке қажетті барлық агротехникалық, биологиялық және климаттық факторлар кешенді түрде ескеріліп, арнайы жағдай жасалды.

Алғаш рет аталған зәйтүн сорттарының Қазақстанның оңтүстік аймақтарындағы топырақ-климаттық ерекшеліктерге төзімділігі, өсу кезеңдері, биометриялық көрсеткіштері, өнімділік әлеуеті, сондай-ақ сыртқы ортаға бейімделу механизмдері жан-жақты зерттелді. Бұл бағытта қолданылған агротехнологиялық әдістер мен тыңайтқыштар, отырғызу тығыздығы мен суару жүйесі (соның ішінде тамшылатып суару технологиясы) өсімдіктердің морфо-физиологиялық дамуына әсер ету тұрғысынан талданды.

Зерттеу нәтижесінде өңірдің табиғи жағдайларына тиімді бейімделетін, аязға және құрғақшылыққа төзімді көшеттердің өсіп-өнуін қамтамасыз етуге болатындығы дәлелденді. Бұл ғылыми негізде өсірілген көшеттерден экологиялық таза, сапасы жоғары зәйтүн майын өндіру мүмкіндігі ашылып отыр.

Жалпы, бұл жұмыс елімізде бұрын-соңды қолға алынбаған жаңа дақылды – зәйтүн ағашын – ауыл шаруашылығы өндірісіне еңгізудің алғашқы және маңызды қадамы болып табылады. Ол ауыл шаруашылығы саласын әртараптандыруға, ғылыми-инновациялық агроөнім өндіруге, жергілікті агроклиматтық ресурстарды тиімді пайдалануға жол ашады.

Сонымен қатар, бұл тәжірибе болашақта экспорттық әлеуеті жоғары, ұзақ мерзімді және экологиялық тұрғыдан тиімді жаңа саланың қалыптасуына негіз бола алады.

Жұмыстың апробациясы

Диссертациялық жұмыстың маңызды бөлімдері төмендегідей халықаралық және республикалық ғылыми конференцияларда баяндалған: «ҚР ҰҒА және ҚР АШҒА академигі Мейірман Ғалиолла Төлендіұлының 75 жылдық мерейтойына арналған "Климаттың жаһандық өзгеруіне бейімделу жағдайындағы агроғылымдағы өзекті мәселелер" атты ғылыми-практикалық конференция» Алматы облысы, Қарасай ауданы, Алмалыбақ кенті-2021ж; «Заман талабына сай ауылшаруашылық мамандарын дайындауда білім беру бағдарламаларының маңызы» Түркістан облысы Адами әлеуетті дамыту басқармасының Қапланбек жоғары аграрлық-техникалық колледжі.2021ж; және халықаралық ғылыми-практикалық «Technologies and engineering ICITE-2021» конференциясында баяндалды Шымкент, 2021.

Диссертациялық зерттеу нәтижелері бойынша 9 ғылыми мақала жарияланған, соның ішінде: 1 мақала – Scopus ақпараттық - реферативтік қорындағы ғылыми журналында; 3 мақала – ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынатын отандық басылымдарда және 5

тезистері халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар жинағында жарияланды.

Ғылыми жаңалығы

Бұл ғылыми зерттеу жұмысында Қазақстанның оңтүстік аймағында алғаш рет еуропалық зәйтүн ағашының (*Olea europaea* L.) суыққа және климаттық қолайсыздықтарға төзімділігімен танымал Leccino, Frantoio және Arbequina сорттарын жерсіндіру және бейімдеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеудің басты ерекшелігі – бұл сорттарды отандық агроэкологиялық жағдайларға бейімдеп өсіру үшін өсімдікке қажетті барлық агротехникалық, биологиялық және климаттық факторлар кешенді түрде ескеріліп, арнайы жағдай жасалды. Қазақстанда ауыл шаруашылығын әртараптандыру және климаттық өзгерістерге бейімделген дақылдарды енгізу қажеттілігіне байланысты, өсірудің мүмкіндіктерін зерттеуге арналған бұл диссертациялық жұмыс өзекті әрі ғылыми жаңалыққа ие.

Практикалық және теориялық маңыздылығы

Докторант жүргізген ғылыми-зерттеу нәтижесінде егіншілік жүйесіндегі агротехниканың заманауи әдістерін пайдалана отырып, қатар еуропалық зәйтүн ағаштарын ҚР оңтүстік аймағына жерсіндіру, бейімдеу және қалемшеден, телеу арқылы жаңа көшеттер шығарып көбейту, экзоталарға далалық жағдайда бейімделуін және жылыжайда микроклиматтық жағдай жасау, отырғызу тәсәлдері, үстеп қоректендіру және сурау жұмыстарын сапалы орындау үшін еуропалық зәйтүн ағаштарының морфологиялық және биологиялық ерекшеліктеріне ғылыми практикалық зерттеулер жүргізу, біздің жұмыстың маңыздылығы мен тиімділігін айқындайтын технологиясы ұсынылды.

Алимбекова Н.А. өзіне алдыға қойылған мақсатқа жету үшін табанды түрде жұмыс жасайтын, зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін нақты жүйеге келтіретін инициативті зерттеуші ретінде көрсетті.

Алимбекова Н.А. ұсынған «Зәйтүн ағашын (*Olea europaea* L) Оңтүстік Қазақстан жағдайында бейімдеу және өсіру технологиясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмыстың докторлық жұмыстарға қойылатын барлық талаптарға сәйкес келетіндігін көрсетеді және 6D080100-Агрономия мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесен беруге лайықты деп есептеймін.

Отандық ғылыми жетекшісі:
а.ш.ғ. докторы, профессор,

С.Ә.Оразбаев

